

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 2000 жылғы 23 маусым N 92-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің "Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 5 қазандағы N 4106 U984106_Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының 3 тармағын іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі 2000 жылғы 30 қыркүйекке дейін Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

2. Бағдарламаны әзірлеу мәселелері жөнінде ұсыныстарды пысықтау үшін мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Сәрсенбаев - Қазақстан Республикасының
Алтынбек Сәрсенбайұлы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрі, жетекші

Әбділдин - Қазақстан Республикасы Парламенті
Жабайхан Мүбәрақұлы Сенатының депутаты (келісім
бойынша)

Әбіқаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Нұртай Әбіқайұлы істер бірінші вице-министрі

Атрушкевич - Қазақстан Республикасы Парламенті
Павел Александрович Сенатының депутаты, Қазақстан
халықтары Ассамблеясы төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Бәкір - Қазақстан Республикасы Парламенті
Әбдіжәлел Қошқарұлы Мәжілісінің депутаты (келісім
бойынша)

Бүркітбаев - Қазақстан Республикасының Көлік
Серік Мінәуарұлы және коммуникациялар министрі

Гаркавец - Украин ұлттық-мәдени орталығының
Александр Николаевич төрағасы (келісім бойынша)

Есенбаев - Қазақстан Республикасының Қаржы
Мәжит Төлеубекұлы министрі

Зиманов - Қазақ академиялық университетінің
Салық Зиманұлы ректоры (келісім бойынша)

Қайдар - "Қазақ тілі" халықаралық қоғамының
Әбдуәли Туғанбайұлы президенті (келісім бойынша)

Құлекеев - Қазақстан Республикасының
Жақсыбек Әбдірахметұлы Экономика министрі

Көшербаев - Қазақстан Республикасының Білім
Қырымбек Елеуұлы және ғылым министрі

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының Әділет
Бауыржан Әлімұлы министрі

Радостовец - Қазақстан Республикасының Еңбек
Николай Владимирович және халықты әлеуметтік қорғау
министрі

Сапарғалиев - Қазақ академиялық университетінің
Ғайрат Сапарғалиұлы кафедра меңгерушісі (келісім бойынша)

Тоғысов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Әмірбек Әнуарұлы министрінің орынбасары

Хұсайын - Қазақстан Республикасының Білім
Көбей Шахметұлы және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі
институтының директоры

Шаймерденов - Қазақстан Республикасының
Ербол Шаймерденұлы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі Тілдерді дамыту
департаментінің директоры

Щеголихин - Қазақстан Республикасы Парламенті
Иван Павлович Сенатының депутаты (келісім бойынша)

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар 2000 жылдың 8 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне Бағдарламаның жобасына байланысты ұсыныстарын тапсырсын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Орынбекова Д.Қ.